

«Қазақ жылқы тұқымының «Бесқарағай» зауыттық типі және Мұғалжар жылқы тұқымының «Ертіс» зауыттық типіне зоотехникалық сипаттама.

К.Ж. Исхан

ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, профессор, Н.О.Базанова атындағы «Физиология, морфология және биохимия» кафедрасының меңгерушісі, Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы қаласы.

E-mail: Kayrat_Ishan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8430-034X>.

Жылқы шаруашылығындағы тұқымдық асылдандыру жұмыстары – бұл жылқы шаруашылығынан алынатын өнімдерін молайту ғана емес, сонымен бірге олардың өнімдерін үнемдеудің, ат спортына пайдаланылатын жылқылардың қарқындылығы мен ұшқырлығын көтеретін, ауыл шаруашылығындағы еңбек және материалдық шығындарды қысқартудың нақтылы да тиімді жолы.

Қазіргі уақытта жылқының арнайы етке өсірілетін тұқымдары жоқ, алайда жылқы етін өндіру үшін, табиғи жайылымдарды пайдалану негізінде, үйірде бағылатын жергілікті тұқымдардың жылқылары едәуір маңызды орын алады. Олар қазақы жылқылар. Ауыл шаруашылығы өндірісінің қандай саласы болса да, оны ойдағыдай өркендету үшін, ең алдымен, табиғи, экономикалық және басқа жағдайларға байланысты, географиялық тиімді ұйымдастыру мәселесін дұрыс шешу керек.

Жылқы тұқымын асылдандырудың негізгі мақсаты – өсіріп отырған малды одан әрі жетілдіріп, іріктеу және жұптау әдістері арқылы жылқының сапасын арттыру. Жылқы сапасы деген ұғымға төмендегілер жатады: шығу тегі мен типі, өлшемдері, салмағы, жұмыс қабілеттілігі, шыдамдылығы (төзімділігі), өнімділігі және т.б. ерекшеліктері. Бұл сапаны талапқа сай дамытып, өзгертіп отырады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығының негізгі мақсат – жылқыларды әбден толық жетілдіру, халық шаруашылығына және ат спортына қажетті тұқымды жаңадан өсіріп шығару. Жылқыны асылдандыру жұмыстарына мал өсіру әдістері, сұрыптау, жұп таңдау, күтіп-бағу технологиясы, азықтандыру, жарату, сынау және жылқыны бағалау жатады. Жылқыны күтіп-бағу әдістері, оны өсіру бағыты жеке шаруашылықтардың, жылқы фермалары мен зауыттарының технологиялық дәрежесіне байланысты таңдалып алынады. Жылқы шаруашылығымен айналысатын жеке шаруашылықтар мен фермерлердің мақсаты: жұмысқа қабілеті және тұқымдық жылқыларды асылдандыру және өндірістік, тікелей және ауыспалы шағылыстыру жолмен жақсартып отырып пайдалану..

Жылқы зауыттарының бұдан басқа да күрделі міндеттері бар:

а) тұқым ішіндегі және зауыттық тұқым асылдандыру, өсірудің инбридинг, кросс, аталық із, аналық ұя, қанды жаңарту, шағылыстыру, гетерозис, селекция әдісін қолдана отырып, жылқының зауыттық тұқымының сапасын жетілдіру;

б) ұдайы өсіру, будандастыру және белгілі бір мақсатқа сәйкес өсіру әдістері арқылы жылқылардың жаңа тұқымдары мен тұқымдық топтарын шығару.

Жылқыларды сұрыптауға, жалпы мал тұқымын асылдандыру жұмысын ұйымдастыруға байланысты жүргізілетін жұмыстардың бірі – ол бонитировкалау Етке арнап өсірілетін жылқылар үшін ең қолайлы жағдай жылқыны үйірлеп бағылуы жатады. Жылқылар бүкіл жыл бойы жайылымда болуға жақсы көніккен. Сонымен бірге, жылқы жайылымы үшін басқа малдарға қолайсыз жерлерді де пайдалануға болады. Мұндай жағдайда қора-жайлар салуға оншалықты күрделі қаржы да жұмсалмайды, сондай-ақ үйірлерді бағуға және жайылым шөптеріне қосымша мал азықтарын дайындауға адам да көп керек емес. Биологиялық ерекшеліктеріне қарай,

бірсыпыра жергілікті тұқым жылқыларының, жайылым малы есебінде, өздері өсіп-өнген аймақтарда ірі қарадан, тіпті қой малынан да едәуір артықшылықтары да бар. Бұндай артықшылықтар – жылқының қыстыгүні қалың (50 см және одан да қалың) қарда да тебіндеп жайыла алатындығы, маусымдық жайылымдарды ауыстырған кезде алысқа айдап апаруға төзімділігі. Бұлардан басқа, жылқы шөлейт далаларға тән көптен өсімдіктерді, ең алдымен, толып жатқан жусандар мен сораң шөптерді де жақсы жейді. Ұлан-байтақ табиғи жайылымдар тиімді пайдаланылған күнде үйірлі жылқы шаруашылығы да маңызды рөл атқаруға тиіс. Қазақтың үйірлі жылқы бағуының негізгі мақсаты-жылқыны жыл он екі ай тебіндеп бағып, одан сапасы жоғары, экологиялық таза ет пен қымыз өндіру болып табылады. Осыған байланысты мал бағуға, күш көлік ретінде пайдалануға және спорт ойындарын, ат жарыстарын өткізуге төзімді жылқы қажет.

Абай облысы Бесқарағай ауданы «Мукинов» шаруашылығында қазақ жылқыларының аталық ізі Шойынқара 71-81 және Байторы 25-83 аталық ізі қалыптастыру.

Абай облысы Бесқарағай ауданы «Мукинов» шаруашылығында өсірілетін қазақ жылқысының аталық ізі зерделенеді.

Байторы 25-83 аталық ізі. Аталық іздің негізін қалаушы торы түсті Байторы 25, 1983 жылы «50 лет СССР» колхозында туылған. Дене бітімі мен ұрпағының сапасы жағынан көрнекті айғыр, тұқымдыққа кеңінен қолданылған.

Байторы 25 тұқымдық айғырдың анасы торы бие 96 номерлі, 1975 жылы туылған. Ол биенің тұлғасы өте салмақты, кеуде орамы 182 см болған.

Байторы 25 тұқымдық айғырдың салмақтыденесі мен үлкен тұлғасы анасынанан берілген. Оның дене өлшемдері: 145-152-183-19,5 см, тірілей салмағы 483 кг.

Байторы аталық ізінің жылқыларына жалпы үйлесімділік, ұзын тұлға, ұзын түзу бұлшықетті мойын, тығыз конституция және салмақты тұлға тән.

Байторы аталық ізі 2-кі айғырдан тарайды, одан 4 немере одан 5 шөбере одан 8 шөпшек.

1-кесте Байторы аталық ізінің ересек айғырлар мен биелерінің өлшемдері және тірі салмағы.

Көрсеткіштер	Тұқымдық-айғырлар (n=14)			Биелер (n=42)		
	$\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$	C_v	Элита класстың стандартты	$\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$	C_v	Элита класстың стандартты
Шоктық биіктік, см	146,3±0,23	0,53	145	145,1±0,38	1,07	144
Тұлғасының ұзындығы, см	152,8±0,35	0,67	151	151,7±0,46	1,54	150
Кеуде орамы, см	185,6±0,48	0,60	181	183,8±0,57	1,46	180
Жіліншік орамы, см	20,8±0,07	1,15	19,5	19,7±0,11	2,87	18,5
Тірі салмағы кг	512,4±3,24	1,51	460	492,6±3,72	2,73	440
Салмақ индексі	163,7	-	150,8	161,3	-	147,6

1-кестедегі мәліметтерден Байторы аталық ізінің айғырларының жақсы өсуі бар ұзын тұлға, терең кеуде және жоғары тірі салмақ (512,4 кг) бар екенін көруге болады. Бұл аталық іздің биелері өте ұзын (145,1 см), тұлғасының ұзындығы (151,7 см), үлкен кеуде орам (183,8 см), өте сүйекті (жіліншік орам 19,7 см) және жоғары тірі массасы (492,6 кг).

Байторы аталық ізінің жылқылары өте салмақты, айғырлардың салмақ индексі 163,7, биелер 161,3. Қазақ жылқыларының элита класының стандарттарымен салыстырғанда артықшылығы +12,9 және 13,7 құрайды. Элита класының стандартымен

салыстырғанда аталық іздегі жылқылардың өлшемдер мен тірі салмақ айырмашылығының сенімділігі критерийі Стьюдент сенімділік критерийінің стандартты мәнінен асып түседі.

Өлшемдер бойынша өзгергіштік дәрежесі (Cv) айғырларда да, биелерде де жіліншік орамы (1,15; 2,87) жоғары, ал тірі салмағы бойынша сәйкесінше 1,51 және 2,73 болды.


Дененің қиғаш ұзындығы мен кеуде орамның шоқтық биіктігі бойынша өзгергіштік коэффициентінің аз мөлшері осы белгілердің біркелкілігін көрсетеді. Ерекшелігі: Байторы аталық ізінің жылқыларына пропорционалды бас, мойны ұзын бұлшық етті, ұзын терең тұлға, бұлшық етті жая, сауырын, күшті тірсек, тұяқтары жалпақ қаз табандылық тән (сурет.1).олардың негізгі сапасына-жоғары тірі салмақ, дене бітімнің дұрыс орналасуы және салмақтылық. Бұл аталық іздегі жылқылардың негізгі түсі торы (70%) және қара торы (30%).

Байторы аталық ізінің биелері-бұл жоғары сүт жылқылар, олардың орташа тәуліктік сүті 14,30 литр, ал лактацияның 105 күніндегі сүт мөлшері 1501,50 литр [8,9].



Сурет 1 – Байторы аталық ізінің жалғастырушысы торы айғыр Белес, тірі салмағы 512 кг.

Абай облысы Бесқарағай ауданының «Мукинов» шаруашылығында қазақ жылқыларының екі аталық ізі қалыптасып келеді: Шойынқара 71-81 және Байторы 25-83. Осы аталған екі аталық ізіге жататын жылқылардың тұяқтары мен шашасының ерекшеліктері: Аяқтары сүйекті мықты, шашасы ұзын қалың.



Сурет 2 – Жылқының алдыңғы және артқы аяқтарындағы шашасы.

2-кестенің мәліметтерінен тұқымдық-айғырлардың өлшемдері бойынша қазақ жылқыларының элита класының стандартына сәйкесінше шоқтық биіктігі бойынша 2,3 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 2,0 см, кеуде орамы 3,0 см, жіліншік орамы 1,2 см және тірі салмағы бойынша 43,8 кг артық екендігі көрінеді.

Биелердің дене өлшемдері бойынша тиісінше 1,2; 1,9; 2,3; 1,0 см-ге және тірі салмағы бойынша 49,4 кг-ға артық.

Айғырлардағы өзгергіштіктің (Сv) ең тұрақты нәтижелері шоқтық биігінде 0,74 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 0,97 см және кеуде орамы 0,06 см, ал биелерде сәйкесінше 1,16; 1,82; 1,74 см байқалады. айғырлардың жіліншік орамы бойынша жоғары өзгергіштігі 1,78 және тірі салмағы 1,72, ал биелерде сәйкесінше 2,95 және 2,87.

Жіліншік орамның жоғары өзгергіштігі және жылқылардың тірі салмағы одан әрі селекциялық-асылдандыру жұмыстарына оң әсер етеді және таңдау ең алдымен осы белгілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекшеліктері: Шойынқара аталық ізінен шыққан биелер жоғары құндылығымен, жайылымға жақсы бейімділігімен және 100 аналық биеге шаққанда 85-90 құлын берумен.

Олардың күнделікті сүт өнімділігі 14,88 литрге тең, ал лактацияның 105 күніндегі сүт өнімділігі 1500,62 литрге жетеді. Биелердің желіндерінің пішіні тостаған тәрізді, емі ұзын жалпақ, ал сүт тамырлары жақсы жетілген [8].

Шойынқара аталық ізі жылқыларына тән: орташа бас, мойны ұзын бұлшық етті жақсы жетілген, арқасы ұзын түзу, қақпан бел, тұлғасы шомбал, саурыны түсінкі жалпақ, сүйекті, аяқтары күшті. (сур.3).



Сурет 1 – Шойынқара аталық ізі биелерінің желіні мен емі.



Сурет 2 – Шойынқара аталық ізі биелерінің желіні, емі және қан тамырлары




Схема 1 - Шойынқара аталық ізінің генеалогиялық схемасы линии



Сурет 3 – Шойынқара аталық ізін жалғастырушы қара айғыр Шомбал, тірі салмағы 507 кг.

Шойынқара аталық ізінің барлық жылқылары жыл бойы жайылымдық-тебендік ұстау жағдайларына бейімділігі үшін 8-9 балға ие. Олар жылдың барлық маусым-мезгілінде жақсы қонымдылықта болады. Айғырлар жоғары тұқымдылығымен ерекшеленеді, үйіріндегі биелері 90-95% құлындайды.

Шойынқара аталық ізінің жылқылары Байторы аталық ізінің жылқыларымен жақсы үйлеседі, жоғары сапалы ұрпақтар береді.

Абай облысы Бесқарағай ауданында қалың қар басқан кезде (қардың тереңдігі кейде 1,5 метрге жетеді) бұл шашалар жылқы аяғын қатты қардан зақым келтіруден қорғайды. Кекіл, жал және құйрық қылдары өте жақсы жетілген, қатты аяз-суықтан сақтайды. Аталған екі аталық іздің жас төлдінің өсу энергия қарқыны жоғары, қыс мезгілінде өсуі аздап бәсенсиді. Көктем мезгілінде жас төлдің өсуі толық орнына қайта келеді.

Абай облысы Бесқарағай ауданы «Мукинов» шаруашылығында қазақ жылқыларының екі аталық ізі Шойынқара 71-81 және Байторы 25-83 жылқыларының жалпы санын көбейтумен қатар, оның тұқымдық және өнімдік сапасын жоғарлату үшін селекциялық-асылдандыру жұмыстарын одан ары дұрыс жолға қойып, дамыту қажет.

Әдебиет:

[1] Акимбеков А.Р., Баймуканов Д.А., Юлдашбаев Ю.А., Демин В.А., Исхан. К.Ж. Коневодство (ISBN 978-5-906923-27-1). - Москва: КУРС: ИНФРА-М, 2018. – 400 с.

[2] Юлдашбаев, Ю.А. Разведение казахских лошадей типа жабе с использованием жеребцов разных линий [Текст] / Ю. А. Юлдашбаев, Д.А. Баймуканов, К.Ж. Исхан, В.А. Демин // Зоотехния. - 2018. - № 8. - С. 5-8.

[3] Инструкция по бонитировке местных пород Казахстана – Астана, 2014. -22 с.

[4] Исхан К.Ж., Акимбеков А.Р. Каргаева М.Т., Аубакиров Х.А. Программа по управлению селекционным процессом в коневодстве // Актуальные вопросы совершенствования технологии производства и переработки продукции сельского хозяйства: Мосоловские чтения: материалы международной научно- практической конференции. - Йошкар-Ола: Мар. гос. ун-т. 2021. - Вып. XXIII. – С. 379 – 382.

[5] Патент «Способ отбора казахских лошадей жабе для селекционного процесса» № 2648148 от «22» марта 2018 года. Оpubл., 22.03.2018, бюл № 9. -14с.

[6] Патент «Способ отбора лошадей кушумской породы для селекции» № 2763915 от «11» января 2022 года.

[7] Патент «Способ отбора казхских лошадей адайского отродья для селекции» № 2763914 от «11» января 2022 года.

[8] Акимбеков А.Р., Баймуканов Д.А., Исхан К.Ж., Омаров М.М., Аубакиров Х.А. Молочная продуктивность и состав молока кобыл разных генотипов // Ж. Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан. – Алматы, 2018. - №2. – С 172 – 180

[9] Исхан К.Ж. Воспроизводительная способность и молочная продуктивность лошадей в табунном коневодстве // Современное состояние и перспективы развития ветеринарной и зоотехнической науки: материалы Всерос. науч.-практ. конф. с междунар. участием (г. Чебоксары, 29 октября 2020 г.) – Чебоксары, 2020. – С. 586-592.